ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
САРЫАҒАШ АУДАНЫ
КӨКТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ
ШЕШІМІ

«23» ақпан 2026 жыл № 19

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3-тармақ 35-тармақшаға сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. «Көктерек ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылға арналған төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары негізінде Көктерек ауылдық округі әкімі аппаратына төмендегідей қажетті қызметтер мен құралдар алу бойынша шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен жұмыстар жүргізілсін.

- Көктерек ауылдық округі аумағындағы көше бойындағы қоршауларды сырлау жөндеу, бүлінген тұрғын үй нөмірлері мен көше атауларын ауыстыру жұмыстарына.
- Көктерек ауылдық округі Көктерек кенті Жастар көшесіне балалар ойын алаңшасын салу жұмыстарына.
- Көктерек ауылдық округі аумағындағы көшеттерді суару, ағаштарды кесу, күтіп баптау жұмыстарына.

2. Көктерек ауылдық округі әкімі аппаратында бекітілген жоспарларға сәйкес мемлекеттік сатып алуларды өткізіп отыру ауылдық округі әкімі аппаратының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша бөлімше басшысы Медетов Багдат Борибаевичке жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

Көктерек ауылдық округ әкімі **У.Туржанова**

Бас маман:

Орындаған:

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША КӨКТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ, КӨКТЕРЕК КЕНТІ, ЖАСТАР КӨШЕСІНЕ БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢШАСЫН САЛУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ӨНІМ БЕРУШІНІ ТАҢДАУ НЕГІЗДЕМЕСІ

Сатып алуды жүзеге асыру мақсаты:

Көктерек ауылдық округі әкімі аппараты округ аумағында халықтың өмір сүру сапасын арттыру, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қауіпсіз демалыс аймақтарын қалыптастыру мақсатында инфрақұрылымдық жобаларды іске асырады.

Көктерек кенті, Жастар көшесінде балаларға арналған ойын алаңшасын салу қажеттілігі туындап отыр. Аталған 450га құрайтын тұрғын аймақ Көктерек кентіне 2019 жылы Жартытөбе, Біртілек ауылыдық округтерінен қосылған. Халқы тығыз тұрақтанып жатқан аймақта қауіпсіз және талапқа сай жабдықталған алаңша жоқ.

Осы мақсатта:

- Балалар ойын алаңшасын қауіпсіздік талаптарына сәйкес орнату;
- Заманауи ойын құрылғыларын (сырғанақ, әткеншек, карусель, спорт элементтері) монтаждау;
- Қауіпсіз резеңке жабын төсеу;
- Аумақты абаттандыру;
- Қоршау, орындықтар және қоқыс жәшіктерін орнату;
- Жер жұмыстарын жүргізу және тегістеу;
- Монтаждау және пайдалануға беру жұмыстарын жүргізу.

Жоба ауыл балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған.

Нақты орындаушыны таңдау себептері:

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу рәсімдері аясында мониторинг жүргізді. Алайда кейбір әлеуетті өнім берушілерде қажетті материалдық-техникалық база, арнайы техника және білікті мамандар жеткіліксіз.

Балалар ойын алаңшасын орнату сапа мен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды талап етеді, сондықтан тәжірибелі және сенімді өнім берушіні таңдау маңызды.

Өнім берушінің артықшылықтары:

1. Көктерек ауылдық округі аумағында тіркелген;
2. Салықтық түсімдері Көктерек ауылдық округінің әкімшілік бюджетіне түседі;
3. Жабдықталған материалдық-техникалық базасы бар;
4. Қауіпсіздік стандарттарын сақтай отырып жұмыс жүргізеді;
5. Белгіленген мерзімде сапалы орындауға кепілдік береді.

Көктерек ауылдық округі әкімі _____ **У.Туржанова**